

## АЛҒЫ СӨЗ

Адамзат үшін ақиқатты іздеу мәңгілік, ал зерттеу – оған жетудің бір жолы ғана. Ғылыми зерттеу мен зерттеушілік қызметтің біздің заманымызда мәнінің артуы жаңа технология мен инновацияның пайда болуымен және дамуымен, өндірістің, техниканың, ғылымның күрделенуімен байланысты екені сөзсіз.

Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін бәсекеге қабілетті педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр. Қазіргі маман проблеманы қоя білуге, оны талдауға, жалпылауға, өзінің іс-әрекетін пайымдауға, болжамды теориялық тұрғыдан негіздей білуге, зерттеу әдістерін таңдауға, ақпарат ағымынан өзіне қажеттіні ажырата білуге мүмкіндік беретін зерттеушілік біліктілік пен дағдыны игере отырып, кәсіби міндеттерді өз бетінше сауатты шеше алуы және әрбір іске шығармашылық пен жаңашылдық тұрғысынан қарауға қабілетті болуы қажет.

Әлемдік тәжірибе мен ұлттық практикаға сүйеніп жасалған білім беру бағдарламаларында әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру нәтижелерінің алғаш рет енген, үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген: өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін проблеманың шешімін табу құзыреттілігі; білімнің мазмұнына шоғырланған ақпараттық құзыреттілігі; білім алу үшін аса қажет білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік. Әлемнің дамыған елдерінің білім беру жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім беру бағдарламалары ұстанған басты бағыт ретінде республиканың білім беру жүйесіне ене бастады. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, мектеп оқушыларына білімді өз бетінше еңбек етіп алатындай күйге жеткізе алатын, өзі де осы аталған құзыреттіліктерді меңгерген, кәсіби-дидактикалық құзыреттілігі қалыптасқан педагогтар даярлау міндеті тұр.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға білім беру стандартында жалпы орта білім беру жүйесінің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету. Кәсіби маманның зерттеушілік құзыреттілігі – оның инновациялық санасының, іс-әрекетінің,

тәрбиесінің елді және оның азаматы ретіндегі жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететіндей құрамдас бөлігі болып табылады. Адамдардың өмірі мен қызметінің әртүрлі саласында тиімді де өнімді оқуы мен білім алуын қамтамасыз етуде оның теориялық және практикалық білімі мен тәжірибесі ерекше мағынаға ие болып келеді.

Дидактикалық зерттеудің нәтижелері халық пен мемлекеттің болашағы үшін білім беру жүйесін жетілдіруде өте маңызды екені сөзсіз. Сондықтан да білім беру саласында ұлттың рухани байлығын бағалап, сақтай алатын, адамгершілігі мол, ғылым мен техниканың, технологияның жаңа бағыттарын жетілдіріп дамытуға қабілетті тұлға қалыптастыру жұмысы мақсатты жүргізілуде.

Білім беру саласындағы инновациялар негізінде педагогикалық зерттеу мен дидактикалық ізденістерді жүргізу логикасы педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде ғалым-педагогтардың көптеген танымал белгілі еңбектерімен таныстырып, түсіндіре отырып, олардың зерттеу әдістерін, құралдарымен қаруландыруға арналған.

Дидактикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесінің, біздің түсінігімізше, ерекшелігі ғылыми жаңалық ашуға және ғылыми ізденіске бейім *зерттеушінің жеке тұлғалық ерекшелігіне басымдық беру* болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда білім берудің құзыреттілік тұрғыдан қарастырылуының нығаюы, зерттеушінің жеке тұлғалық әлеуетінің дамуына көңіл бөлінуі бұл мәселенің толықтай дұрыстығын көрсетеді. Одан әрі матрицалық логикада білім берудің жаңа сапасына қол жеткізетін ғылыми жұмыс әдістерін меңгеруді қамтамасыз ететін *дидактикалық зерттеулермен жұмыс істеу жолы* көрсетілген. Сонымен қатар, педагогика мен дидактиканың даму кезеңдерінің жетістіктері ретінде *корнекті педагог-зерттеушілердің еңбектерін және олардың ғылыми мектептерін жалпылау және жүйелеу*, олардың тұжырымдамалық идеяларын меңгеруді қарастыру жобаланған.

«Дидактикадағы инновация» оқу құралының негізгі мақсаты – докторанттарға дидактикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтаудың мәні мен ерекшелігін түсінуге көмектесу, зерттеу және кәсіби әрекетінде инновацияларды қолдану тетіктерін көрсету. Кітапта докторантурадағы «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы», «Әлеуметтік педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі» пәндері дәрістерінің материалдары, сондай-ақ білім беру жүйесіндегі мағыналы қолданыс тапқан жаңа идеялар, тұжырымдамаларға негізделген инновациялардың ғылыми-практикалық сипаттамалары пайдаланылды.

«**Дидактика: тарихы, философиясы мен әдіснамасы**» атты *бірінші тарауда* дидактиканың эволюциясы, философиясы, әдіснамасы, дидактикалық зерттеулердің әдіснамалық тұғырлары, логикасы, ғылыми аппараты, әдістер жүйесі, педагогтің зерттеушілік мәдениетінің мәнін, құрылымын, қызметтерін ашып көрсетуде зерттеушінің ғылыми-педагогикалық ізде-

ністе белсенділігін қамтамасыз ететін оның жеке бағыты мен субъектілігінің даму үрдісіне көңіл бөлінді. Дидактикалық зерттеудің ғылыми аппаратының негізгі элементтерін, негіздемесін, түсініктік алаңын және тұжырымдамасын жасауға назар аударылды. Педагогтің зерттеушілік мәдениетінің теориялық моделі ұсынылды.

«**Постмодерн дидактикасы**» атты *екінші тарауда* инновациялық дидактиканың мағыналық алаңы, дидактикалық теориялар, дидактикалық технологиялар (технологиялар жіктемесі, дәстүрлі, интеллектуалдық және инновациялық технологиялар), сондай-ақ орта және жоғары мектептегі академиялық оқу, жазу, сөйлеу, функционалдық сауаттылық, өмірлік дағды, педагогикалық тест, порфолио, эссе, кейс-стади, оқу жетістіктерін критерий тұрғысынан бағалау сияқты дидактикалық инновациялар сипатталды.

«**Педагогтің дидактикалық-инновациялық құзыреттілігі**» атты *үшінші тарау* педагогтің дидактикалық және кәсіби-технологиялық құзыреттілігіне, көшбасшылығына, коммуникативтілігіне, оқытушы рефлексиясы мен оның сабақты зерттеуі және кәсіби тәжірибесіне, коучинг құралдарына, цифрлық дидактикаға арналды.

Әр тараудың соңында докторанттардың алған білімдерін тексеру мен бекіту мақсатында сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылды. Сонымен бірге зерттеуші педагогтің сөздігі берілді.

Оқу құралы хрестоматиялық сипатта құрылған. Онда докторанттарға ғылыми зерттеу үдерісінде мәселелендіру, өзектендіру, тұжырымдама жасау, модельдеу және эксперимент жүргізуде туындайтын сұрақтарды терең оқып зерделеу үшін әдебиеттерге сілтемелер берілді.

«**Дидактикадағы инновация**» атты оқу құралы «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» және «Педагогикалық өлшемдер» мамандықтары бойынша білім алушы докторанттарға теориялық талдау мен эмпирикалық зерттеу негізінде ірі ғылыми міндеттерді шешуге көмектеседі, ғылыми ізденістің логикасы бойынша әдіснамалық және әдістемелік бағдар береді.

«**Дидактикадағы инновация**» атты оқу құралын жетілдіру туралы оқырманның тиімді ұсыныстары болса, авторлар оларды ризашылықпен қабыл алады.